

ХІХ-ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЕДІЛ-ОРАЛ АРАЛЫҒЫ АЙМАҚТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Аннотация. Мақалада ХІХ-ХХ ғасырдың бас кезіндегі мәдени қатынастардың дамуындағы қазақ қоғамында татар халқының тарихтағы алатын орны туралы сөз қозғалады. Патша өкіметінің қысымшылық саясатына қарамастан татар мен қазақ халқының арасында ортақ, өзара ұқсас тарихи тамыры терең мәдени қатынастардың даму тенденциялары болғандығы жөнінде деректер келтірілген. Авторлар дәстүрлі қоғамның тарихына және оны жаңғырту үдерісіндегі олардың мәдени өміріне талдау жасауға баса назар аударған.

Кілт сөздер: татар, қазақ, Еділ, Орал, мәдениет, манифест, газет, журнал, технология, дәстүр.

Аннотация. В статье рассматривается роль татарского народа в истории казахского общества в развитии культурных связей в начале ХІХ-ХХ вв. Независимо от царского правления существуют тенденции развития глубоких культурных связей между татарским и казахским народами, которые имеют общие и сходные исторические корни. Авторы фокусируются на истории традиционного общества и анализе их культурной жизни в процессе модернизации.

Ключевые слова: татар, казах, Волга, Урал, культура, манифест, газета, журнал, технология, традиция.

Abstract. The article discusses the role of the Tatar people in the history of Kazakh society in the development of cultural ties in the early nineteenth and twentieth centuries. Regardless of tsarist rule, there is a tendency to develop deep cultural ties between the Tatar and Kazakh peoples, which have common and similar historical roots. The authors focus on the history of traditional society and the analysis of their cultural life in the process of modernization.

Keywords: tatars, kazakh, Volga, Ural, the culture, manifesto, newspaper, journal, technology, tradition.

Қазақстан Республикасындағы татарлар түркі тілдес халықтар болып табылады. Қоғам өмірінің әлеуметтік-саяси ғылымдар шеңберінде татар халқы тарихының алатын орны ерекше.

XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап татарлар Волга бойынан Оралға, Сібірге, Қазақстан мен Орта Азияға қоныс тебудің ірі толқыны тарихта жазылған [1].

Өйткені орыс князьдықтарының қантөгісі мен тонауына шыдамаған, олардың Қазақстан жеріне қоныс аударуға мәжбүр етті. Ал қазақ сұлтандары мен билері: «Қашқын татар болмаған, болған да емес және қазіргі кезде оның қайда екені мүлде белгісіз», - деген жауап қайтарып, қашқын татарларды патша өкіметінен қорғап отырған. Заңсыздыққа, салық ауыртпалығына шыдамаған татарлардың легі өңірімізге қашып келсе, ал ХІХ ғасырдың соңында 25 татар отбасы халықшылдармен (народоволецтермен) байланысты деп Қазақстан аймағына қоныс аударылған. Мұндай тарихи оқиғалар салдарынан татарлар мен қазақ халқы өзара

сіңісіп кетті. 1862 жылы В.В.Радлов: «Ежелгі кезден Волга бойы, Орал, Қазақстан арасында татарлар мен қырғыздар (қазақтар) арасында сауда айырбас қалыптасқан, орыстардың саны олардың үштен бірі ғана», - десе, ал К.А.Белиловский: «бұл жерде өмір сүріп жатқан татарлар өнерлі – гармонмен ән айтқанды жақсы көреді, жүгенсіз кеткен орыстардың бір бөлігімен салыстырғанда отбасылық әдет-ғұрыптарды сақтауда өте тиянақты, адал және дұрыс ұстайды», - деген пікір білдірген [1].

XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың бас кезінде жергілікті қазақтар ауылдық татар мектептерінде бастауыш білім алған. Қазақ жастарының Орынбор, Волга, Орал бойындағы татар медреселерінде білім алғанын қатты сынға алған В.В.Радлов: «енді қазақтар Ресейдің солтүстік аймағындағы татар медреселерінде білім алуда, ал Стерлибаш медресесі жыл сайын 150 қазақты қабылдайды», - деген деректер келтірген. Ал Қазан мұғалімдер семинариясында 1872-1919 жылдар аралығында 1,5 мыңнан астам татар, башқұрт, қазақ жастары білім алған. Дін қызметкерлері болып табылатын молдалар татар мектептерде мұғалімдік қызмет атқарған. Ал Ресей империясы болса, Қырғыз тұрғындарын татарланудан алшақ ұстау үшін нақты жоспарлар құрып отырған [1].

Еділ-Орал аралығы аймақтары арасындағы мәдени қатнастардың тағы бір негізгі көрінісі - кітап басу шығарудағы Қазан қаласының орнын атап айтуға болады. Мысалы, Кенжетасов: «Қожа Ахмет Яссауи шығармаларын баспадан шығарып, олар медреселерде оқу бағдарламасы негізінде оқытылып, татарлар арасына кеңінен тарады. Кейін 1878 жылы «Диуани хикмет» кітабы Қазандық басылымда жарық көріп, оны дайындауға Орал облысы Гурьев уезінің татар казактары дайындауға ат салысқан», - деп жазып қалдырған [1].

Ф.Энгельс: «Россия действительно играет прогрессивную роль по отношению к Востоку... Господство России играет цивилизующую роль для Черного и Каспийского Морей И Центральной Азии, для башкир и татар», - (1. *Маркс К, Энгельс Ф. Соч. Т. XXVII.*) дегендей қоғамдық өмірде қазақ, татар халықтары Ресеймен саяси-экономикалық байланыстармен қатар мәдени қарым-қатынастар жасады. Көптеген мектеп-медреселер ашылып, өнер мен білімнің дамуына жағдайлар туғызды. Оған дәлел 1804 жылы Қазан университеті ашылып, Ресейден көптеген ғалымдар келіп қызмет етті. Олар сонымен қатар жергілікті халықтардың тарихы, тілі, тұрмысы, әдебиеті, әдет-ғұрпы мен салт-санасын зерттеумен шұғылданды. Нәтижесінде Қазан қаласы енді орыс және Еуропа мәдениетін татарлар арасына таратушы орталығы болып табылды [2].

Алайда Ресейдің орталық бөлігінде капитализмнің жедел дүмпуіне байланысты қазатар мен татарлар арасында мәдени байланыстар ойдағыдай өркендеп кете алмады. Татарлар мен қазақтар арасындағы әдеби байланыстар орыс мәдениеті арқылы жүзеге асып отырды. Айта кетсек, 1861 жылғы реформа нәтижесі елде таптар күресін шиеленістіріп, азаттық қозғалыстардың өрістеуі татар мен қазақ халықтарының қоғамдық дамуын тежеді [2].

XIX ғасырдың екінші жартысында, әсіресе, 1861 жылғы реформадан кейін Ресейде капитализм өркендеп, буржуазиялық қатынастар орнады. Осыған байланысты онда азаттық қозғалыстың тарихында буржуазиялық-демократиялық кезең деп аталатын ағартушылық, демократиялық қозғалыс

пайда болды. Ресейдегі таптар күресінің шиеленісіп, азаттық қозғалыстың өрістеуі Татарстан мен Қазақстанда да қоғамдық қозғалыстың дамуына әсер етті [2].

Сөйтіп XX ғасырдың басында Ресей империализм дәуіріне аяқ басып, елде әлеуметтік қанау шектен асып кетті. Татарлар мен қазақтар арасында да осындай топталу пайда болып, олардың қыр көрсете бастауынан қорыққан патша өкіметі 1905 жылы жедел түрде татар, қазақ халықтарына да азда болса да жеңілдік болатын, халыққа бас бостандығы, сөз бостандығы, баспасөз бостандығы, жиын бостандығы сияқты элементарлық құқықтар берілетін 17 манифест жариялады [3].

Мұндай жеңілдіктерді пайдаланған татар буржуазиясы өзінің мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, өз тілдерінде көптеген газет-журналдар шығаруға мүмкіндік алды. 1905 жылдан бастап Петербургтегі, Қазандағы, Уфадағы, Орынбордағы, Троицкідегі - «Нұр», «Уақыт», «Жұлдыз» татар газеттері, ал «Жин во мағишат», «Шора», «Аң», «Пікір», «Оқтар», «Мұғалім», «Ақмолла», журналдары жарыққа шыға бастады. «Мұхаммәдия» (Қазан), «Ғалия», (Уфа), «Расулия» (Троицк), «Хусаиния» (Орынбор) атты орта және жоғары оқу орындары ашылып, мәдени қоғамдар, театр труппасы, соның ішінде 1906 жылдары «Саяр» театр труппасы ұйымдастырылды. Сөйтіп бұлардың барлығы татарлардың XX ғасырдың басындағы мәдениетін жоғары сатыға көтерді. Ол мәдениет өзімен көрші отырған башқұрт, қазақ халықтарына да оң әсер етіп, олардың да әдебиеті мен мәдениетінің дамуына түрткі болды. Айта кетсек, аталған газет-журналдардың (әсіресе, «Уақыт», «Орал», «Шора») беттерінде қазақ халқы, оның тарихы, тілі мен әдебиеті жөнінде көптеген материалдар басылды. Сондай-ақ Абай, Шәңгерей, Ғ.Қарашев, М.Сералин, Б.Өтеуілеуов, Б.Қаратаев, Біләл Сүлеев сияқты қазақ ақын-жазушыларының туындылары да жиі жарияланды [3].

Татар халқының материалдық мәдениеті мен дәстүрлі кәсіптеріне тоқталсақ, қоғамдық өмірде олар әртүрлі кәсіптермен шұғылданған халық. Бүгінгі таңда да татарларда ата-бабаларынан келе жатқан дәстүрді жалғастырып келеді. Ал XIX-XX ғ. басында Волга-Орал татар қоғамында әсіресе зергерлік өнер дамудың жоғары деңгейіне жеткен. Өйткені зергерлік өнер Қазан халқының дәстүрімен өте тығыз байланысты болды [4].

Татарлар зергерлік істің барлық технологиялық үрдісін меңгерген халық. Әшекейлерді жасауда негізінен күмісті қолданды. Зергерлердің еңбек құралдары (көрік, егеу, қысқыш, қайшы, балға, атауыз, төс) өте қарапайым болғанмен, бұйымдары сорттарға бөлінді. Мысалы, қарапайым халыққа күмістен жасалған төмен сапалы зергерлік бұйымдар жасалынса, ал жоғары сапалы күмістен жасалған зергерлік бұйымдар ауқатты топ өкілдеріне арналып жасалды. Зергерлік бұйымдар жасауда өсімдік тектес өрнектер, геометриялық өрнектер және зооморфтық өрнектер қолданған [4].

Сонымен қатар татарлар зергерлік бұйымдар дайындау барысында оймыштау (гравировка) тәсілі арқылы құйма салпыншақтар жасаса, құйма (литье) техникалық тәсілдерді пайдаланып сол кездегі рубль ақшаларын қайта өңдеді. Зергерлер тастарды Орал кеніштерінен сатып алып, бұйымдарды

жасауда жасыл ақық, сары түсті асыл тас (сердолик), көгілдір ақық (бирюза), аметист, яшманы да қолданды. Зергерлік өнер ауылдық жерлерде де дамып, ұрпақтан-ұрпаққа өз жалғасын тауып отырды. Негізгі ерекшелігі ауылдық жерлерде бұйымдардың бағасын шеберлер әсіресе мал өнімдерімен, дәнді-дақыл өнімдерімен немесе күміспен айырбастады [5].

XIX-XX ғасырдың басында Еділ-Орал аралығы аймақтары арасында орын алған осындай мәдени қатнастар татар мен қазақ халқының бауырластығын одан әрі нығайтты. Бүгінгі таңда да татар мен қазақ халқының тарихи тамыры ортақ, әдет-ғұрыптары ұқсас, тарихи достық дәнекерінің ынтымақтастығы берік. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев Татарстан Республикасының Президенті Р.Миннихановпен кездесуінде: «бүгінгі таңда екі елдің арасында өзара сенімді әрі бауырластық қарым-қатынас орнағанын және екі мәдениет пен халықты жақындастыра түсу ісінде татар диаспорасының маңызды рөл атқаратынына назар аударатынын» атап өткен [6].

Әдебиеттер

- 1.Әбсаттаров Р, Хайруллина Г. «Қазақстандағы татарлар». Ақиқат №12. 2016. – 283 б.
- 2.Ысқақов Б. «Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары (шығу тегі мен жолдары)». А.: «Арыс» баспасы, 2007. – 276 б.
- 3.Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. А.: 1964.
4. Сычева Н. Ювелирные украшения татарское народов Средней Азии и Казахстана XIX-XX веков. Из собрания Государственного музея искусств народов Востока. – М., 1984. – 180 с.
5. Татары. – М., 2001. – 583 с.
6. Егемен Қазақстан №112. 18-маусым. 2018 жыл 16 б.

Жабборова Онахон Манноповна

Заведующий кафедры «Начального обучения» Чирчикский государственный педагогических институт. (г. Чирчик. Узбекистан).

РОЛЬ ЭСТЕТИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В СФЕРЕ ИСКУССТВ

Аннотация. В статье рассматриваются ситуации переходов от автономного искусства к эстетической организации среды и влияние этого процесса на эстетическую науку. Подчеркивается, что, так как особенности эстетического восприятия произведения искусства и окружающей человека среды принципиально различны, аппарат классической эстетики должен быть преобразован.

Ключевые слова: искусство, эстетика, архитектура, дизайн, среда, восприятие, рефлексия, познание, эпоха, организация среды.

Annotation. The article deals with the situation of transition from autonomous art to aesthetic organization of the environment and its impact on aesthetics. Since the features of aesthetic perception of a work of art and human environment are fundamentally different, the apparatus of classical aesthetics has to be modified.

Key words: art, aesthetics, architecture, design, environment, perception, reflection, cognition, epoch, organization of the environment.